

Өзара сақтандыру туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заны.

МАЗМҰНЫ

3ҚАЙ-ның ескертпесі!

Кіріспені алып тастау көзделген – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

Осы Заң өзара сақтандыруды жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және өзара сақтандыру қоғамдары қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қосымша жарна - өзара сақтандыру қоғамы мүшесінің өзара сақтандыру қоғамының өзара сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен және жағдайларда қосымша енгізетін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі;

2) өзара сақтандыру - сақтандыру нысандарының бірі, онда әрбір сақтандыруши өзара сақтандыру қоғамының мүшесі болып табылады;

3) өзара сақтандыру қоғамы (бұдан әрі - қоғам) - өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін өзара сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында тұтыну кооперативі ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған занды тұлға;

4) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді әрі осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Занда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. "Тұтыну кооперативі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қоғамдар қызметіне осы Заңмен реттелмеген бөлігінде қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - КР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-1-баппен толықтыру көзделген – КР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Өзара сақтандыру принциптері

Өзара сақтандыру принциптері мыналар:

- 1) қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің теңдігі;
- 2) қоғам мүшелерін өзара қорғау және олардың өзара жауапкершілігі.

4-бап. Өзара сақтандыру объектілері

1. Өз қызметтеріне байланысты белгілі бір тәуекелдермен біріккен қоғам мүшелерінің заңды мүліктік мүдделері өзара сақтандыру объектісі болуы мүмкін.

2. Өзара сақтандыру Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы және "жалпы сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылады.

3. Өзара сақтандырудагы сақтандыру салалары мен сыныптарын біріктіру Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленетін сақтандыру сыныптарын біріктіру жөніндегі шектеулер ескерілген, қоғамның жарғысында көзделген сақтандырудың екі және одан да көп сыныптарының белгілері мен мазмұнын ұштастыратын сақтандыру түрін әзірлеуге құқылы.

5. алып тасталды - КР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (06.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 28.10.2019 № 268-VI (06.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-бап. Уәкілетті органның қоғамға қатысты құзырыеті

Уәкілетті орган:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаны алып тастау көзделген – КР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1) қоғамдардың тізілімін жүргізеді;

2) қаржылық есептілікті қоспағанда, қоғамдардың есептілік тізбесін, нысандарын, оны беру мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жаза шараларын қолданады;

4) қоғамның активтерін инвестициялаудың тәртібі мен мөлшерін белгілейді;

5) қоғамдардың қаржылық есептілік тізбесін, нысандарын және оны беру мерзімдерін белгілейді;

6) қоғамдардың бастапқы статистикалық деректерінің тізбесін, оларды беру нысандары мен мерзімдерін айқындайды;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-1) тармақшамен толықтыру көзделген – КР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бап жана редакцияда - КР 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тaraу. ҚОҒАМДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ, МУШЕЛЕРІНДЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның атауында "өзара сақтандыру қоғамы" деген сөздер болуға тиіс.

2. Егер қоғам өзара сақтандырудың бір ғана түрін жүзеге асыратын болса, онда оның атауында сақтандырудың осы түрі көрсетілуге тиіс.

3. Қоғамның атауында кез келген тілде толық не қысқартылған түрде "ұлттық", "мемлекеттік", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздер болмауға тиіс.

4. Қоғам өзінің тұрақты жұмыс істейтін оқшауланған бөлімшесі орналасқан жерін өзгерткен кезде бұл туралы уәкілдегі органға он бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Ескерту. 6-бап жана редакцияда - КР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

7-бап. Қоғамды мемлекеттік тіркеу

Қоғам мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілдегі органды мемлекеттік тіркеуден өткені туралы:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы және жарғының нотариат куәландырған көшірмесін;

2) қоғамды құру туралы шешім қабылданғанын куәландыратын құжаттарды қоса беріп, жазбаша хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Қоғамның құрылтай құжаттары

1. Қоғамның құрылтай шарты мен жарғысы оның құрылтай құжаттары болып табылады.

2. Қоғамның құрылтай шартында:

1) құрылтайшылардың сақтандыру шартына қол қою және сақтандыру сыйлықақыларын енгізу жөніндегі міндеті;

2) құрылтайшылардың қоғамды құруға және оның қызметін ұйымдастыруға байланысты әкімшілік шығыстарға енгізетін ақшалай жарналарының мөлшері қамтылуға тиіс.

3. Қоғамның жарғысында, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мәліметтерден басқа:

1) өзара сақтандыруға жататын мүліктік мүдделердің ортақтығын, қоғам мүшелерінің қай кәсіп иесі екенін, қызметтер аясы мен мүдделерінің ортақтығын көрсетуді қоса, қоғам мүшелерін біріктіру негіздемесі;

2) қоғам мүшелерінің жауапкершілігі, оның ішінде сақтандыру міндеттемелері бойынша, сондай-ақ қосымша жарналар енгізу жөніндегі субсидиарлық жауапкершілігі ;

3) сақтандыру сыныптары;

4) сақтандыру сыйлықақылары мен өзге жарналарды төлеу тәртібі;

5) қоғам құратын сақтандыру және өзге де резервтерді қалыптастыру мен пайдалану тәртібі;

6) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

7) қоғам мүшелеріне қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібі;

8) қоғам мүшелігіне кіру тәртібі, сондай-ақ қоғамға мүшелікті тоқтату негіздемелері және тәртібі қамтылуға тиіс.

Қоғам жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

4. Қоғамның жарғысына жеке тұлғалар үшін - тегі, аты және қалауы бойынша әкесінің аты, сондай-ақ тұратын жері мен жеке басын қуәландыратын құжат деректері, заңды тұлғалар үшін - толық атауы, орналасқан жері мен мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер көрсетілген қоғам мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

Қоғам өз мүшелерінің тізімін жүргізу мен сақтауды қамтамасыз етеді.

5. Қоғам жарғысы қоғам мүшелігіне кандидаттарға танысу үшін берілуге тиіс.

6. Қоғам жарғылық, соның ішінде әділет органдарында қайта тіркеуді талап ететін құжаттарына енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға жарғылық құжаттарға енгізілген өзгерістердің немесе толықтырулардың нотариат қуәландырған, оны тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі бар көшірмесін табыс етуге міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Қоғам мүшелері

1. Жеке және (немесе) занды тұлғалар қоғамның мүшелері болып табылады.

Қоғам мүшелерінің саны екі жүз елуден кем болмауға тиіс.

2. Қоғамға мүше болу жасалған сақтандыру шартына сәйкес алғашқы сақтандыру сыйлықақысын төлеген соң туындаиды.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

10-бап. Қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғам мүшелері:

1) қоғам көрсететін сақтандыру қызметінің барлық түрлерін пайдалануға;

2) қоғамды басқаруға қатысуға және оның органдарына сайлануға;

3) өзара сақтандыру ережелерінде және қоғам қызметін реттейтін өзге де құжаттарда белгіленген шарттарда өздерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруға;

4) қоғамның органдарынан өздерінің қызметі, қоғам қызметі туралы кез келген ақпаратты алуға, оның ішінде қоғам жарғысында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп, есептілік деректерімен және басқа да құжаттамамен танысуға;

5) қоғам жарғысында көзделген тәртіппен және жағдайларда қоғамдағы мүшелігін тоқтатуға;

6) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде қоғамнан қарыз алуға;

7) сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге қарыздар алуға;

8) қоғамның атқарушы органдарының қарауына сақтандыру жағдайының басталу тәуекелінің алдын алу үшін ақша беру туралы өтініш беруге;

9) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғам мақсаттары үшін өзге де жарналар енгізуғе;

10) қоғамның атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты қоғам мүшелерінің жалпы жиналысына шағымдар жасауға;

11) қоғам мүшелерінің мүдделерін қозғайтын қоғам органдарының шешімдеріне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

2. Қоғам мүшелері:

1) қоғам жарғысын сақтауға;

- 2) қоғам органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерін орындауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақыларының төлемдерін уақтылы төлеуге;
- 4) осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы белгілеген мөлшерде қосымша жарналар төлеуге міндettі.

3. Қоғамның жарғысында қоғам мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндettтері белгіленуі мүмкін.

4. Осы Заңның 22-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам мүшесін сақтандыру сыйлықақыларын және қосымша жарналарды төлеу міндettінен босатуға, оның ішінде қоғамға қойылатын талаптарды есепке алу жолымен босатуға жол берілмейді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11-бап. Қоғамға мүшелікті тоқтату

1. Қоғамға мүшелік:
 - 1) қатысуышылар құрамынан өз еркімен шыққан;
 - 2) қоғам жарғысында көзделген негізде және тәртіппен қоғам мүшелігінен шығарылған, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу жөніндегі міндettемелерін орындаған;
 - 3) қоғам мүшесі - занды тұлға таратылған;
 - 4) қоғам мүшесі қайтыс болған, өлді деп жарияланған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарсыз кетті деп танылған;
 - 5) қоғам таратылған жағдайларда тоқтатылады.
2. Егер қоғам мүшесі қоғам мақсаты үшін бұрын өзге жарналар енгізген жағдайда, ол қоғамға мүшелігі тоқтатылған кезде қоғам алдындағы берешегін шегере отырып, оларды қоғамның жарғысында көзделген мерзімде кері қайтарып алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам мүшесі төлеген сақтандыру сыйлықақылары мен қосымша жарналар қайтарылуға жатпайды.

3. Қоғамға қатысуышылардың оның құрамынан ерікті түрде шығу туралы өтінішін қарауды және өтініш берушіге осы баптың 2-тармағында көрсетілген жарналарды қайтаруды қоғам өтініш берілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

4. Қоғам мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагері қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамға кіруге құқылы.

Мұрагер қоғамға кіруден бас тартқан жағдайда, қоғам мұра қалдырушының бұрын енгізген осы баптың 2-тармағында көзделген өзге де жарналарын төлейді.

5. Құрылтай шартында белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын енгізбеген және сақтандыру шартына қол қоймаған құрылтайшы құрылтайшылар құрамынан шығарылады.

12-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату

Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

13-бап. Өзара сақтандыру қызметін жүзеге асыру талаптары

1. Өзара сақтандыру қызметі лицензиялауға жатпайды.

2. Қоғам:

1) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша;

2) міндетті сақтандыру түрлері бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (06.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Қоғамның өзара сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Қоғамның өзара сақтандыруды жүзеге асыру қызметі осы Занға сәйкес жүргізіледі.

2. Қоғам өз мүшелерінің мұліктік мұдделерін өзара сақтандыруды сақтандыру шартын жасасу арқылы жүзеге асырады.

3. Өзара сақтандыру жүзеге асырылатын жалпы шарттар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 825-1-бабының талаптарына сәйкес келетін өзара сақтандыру ережесінде айқындалады.

4. Өзара сақтандыру ережесі қоғам мүшелігіне кіруге тілек білдірген адамдарға таныстыру үшін ұсынылуға тиіс.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

15-бап. Қоғамның қызметі

1. Өзара сақтандыру қоғам жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі болып табылады.

2. Қоғам өзара сақтандырудан басқа мынадай қызмет түрлерін:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен көзделген тәртіппен инвестициялық қызметті;

2) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өз мүшелеріне қарыздар беруді;

3) өз мүшелеріне сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге қарыздар беруді;

4) қоғамдар қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету өнімін сатуды;

5) сақтандыру және сақтандыру қызметі жөніндегі арнайы әдебиетті ақпарат жеткізгіштің кез келген түрінде сатуды;

6) қоғамның мұқтаждары үшін бұрын сатып алған мұлікті сатуды немесе жалға беруді;

7) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультация беру қызметін көрсетуді;

8) өзара сақтандыру саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастырып, өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

3. Қоғамға осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделмеген мәмілелерді жүзеге асыруға және операциялар жүргізуге тыйым салынады.

3-1. Қоғам "Қылмыстық жолмен алған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді және ақпаратты қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

4. Қоғамдар өзара сақтандыру бойынша қауымдастықтарға (одақтарға) біріккен, сондай-ақ олар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде консорциум құрған жағдайларды қоспағанда, қоғамның басқа занды тұлғаларға қатысуына жол берілмейді.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

6. Қоғам осы Заңда көзделген тең құқықтарды қоғамның барлық мүшелеріне беруге міндетті.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 26.07.2016 № 12-VI (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тыйым салу

Қоғамның өзі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымына қайта сақтандыруға беруіне, сондай-ақ делдалдық қызметті немесе қайта сақтандыруға арналған тәуекелдерді қабылдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - КР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

4-тaraу. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

17-бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары мыналар:

1) жоғары орган - қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы;

2) атқарушы орган - алқалы орган (басқарма) немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам (төраға);

3) бақылау органы - ішкі аудит қызметі.

2. Қоғамның жарғысында қоғамның өзге де органдарды құруы көзделуі мүмкін.

18-бап. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы

1. Қоғам мүшелері жалпы жиналышының айрықша құзыретіне:

1) қоғамның өз мүшелерімен жасаған сақтандыру шарттарының талаптарын айқындау;

2) қоғамның бюджетін бекіту;

3) қоғам аудитін жүргізу туралы шешім қабылдау және аудиторлық ұйымды таңдау;

4) қоғам мен оның мүшелері арасындағы дауларды қарau тәртібін айқындау;

5) өзара сақтандыру ережелерін бекіту;

6) сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібін айқындау;

7) қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, қоғамның сақтандыру және өзге де резервтерін қалыптастыру мен толықтыру, оларды пайдалану тәртібін айқындау ;

8) қоғамның инвестициялық саясатын бекіту;

9) сақтандыру тәуекелдерін оларды қайта сақтандыру үшін беру саясатын бекіту және сақтандырудың әрбір түрі бойынша өзінің ұстап қалу лимиттерін белгілеу;

10) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде қоғам мүшелеріне қарыздар беру туралы шешім қабылдау;

11) қоғам мүшелеріне сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге қарыздар беру туралы шешім қабылдау;

12) қоғамның атқарушы органы ұсынған қорытынды негізінде сақтандыру жағдайының басталу тәуекелдерінің алдын алуға арналған іс-шараларды өткізуге ақша бөлу туралы шешім қабылдау;

13) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мөлшерін және шарттарын айқындау;

14) қоғамға жаңа мүшелердің кіруі туралы шешім қабылдау;

15) Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде, сондай-ақ қоғамның жарғысында көзделген өзге де мәселелер жатады.

2. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы қоғам қызметіне байланысты кез келген мәселені қарauына қабылдауға құқылы.

3. Жалпы жиналышты (оның ішінде кезектен тыс жиналышты) шақыру, өткізу, шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының тұтыну кооперативі туралы заңнамасында айқындалады.

4. Жалпы жиналыштың шешімі қабылданған кезде қоғамның әрбір мүшесі қоғам мүлкіндегі өз үлесінің шамасына қарамастан, бір дауысқа ие болады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

19-бап. Атқарушы орган

1. Қоғамның атқарушы органының құзыретіне:
 - 1) қоғам қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
 - 2) қоғамның инвестициялық саясатын әзірлеу;
 - 3) сақтандыру тәуекелдерін оларды қайта сақтандыру үшін беру саясатын және сақтандырудың әрбір түрі бойынша өзінің ұстап қалу лимиттерін әзірлеу;
 - 4) жылдық қаржылық есепті және қоғамның келесі жылға арналған бюджетінің жобасын әзірлеу;
 - 5) бекітілуі қоғам мүшелері жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған есептерді қоспағанда, қоғам есептерін бекіту;
 - 6) Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде, сондай-ақ қоғамның жарғысында айқындалған өзге де мәселелер жатады.
2. Қоғамның төрағасы қоғам мүшелерінің жалпы жиналышында қызметке сайланады және қызметтен босатылады.
Қоғамның төрағасы қоғамның мүшесі болмауы да мүмкін.
3. Қоғамның басшысын қоса алғанда, оның атқарушы органы (басқармасы) өзінің жарғысында көзделген санда және мерзімге қоғам мүшелерінің жалпы жиналышында сайланады.
Қоғам мүшелері жалпы жиналышының шешімі бойынша қоғам басқармасының кез келген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
4. Қоғамның атқарушы органының басшысы осы органның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және оның отырыстарын басқарады.
5. Егер қоғам басқармасының отырысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, ол шешім қабылдауға құқылы. Шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда басқарма төрағасының даусы шешуші болып табылады.
6. Қоғамның атқарушы органы қызметінің және оның шешімдер қабылдауының тәртібі қоғамның жарғысында және қоғам мүшелерінің жалпы жиналышында қабылданған өзге де құжаттарда айқындалады.

20-бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады, егер қоғам жарғысында өзгеше көзделмеген болса, ол қоғам мүшелерінен тұрады.
2. Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі қоғамның жарғысында және ішкі құжаттарда айқындалады.
3. Қоғамның атқарушы органының мүшесі ішкі аудит қызметінің мүшесі бола алмайды.

4. Ішкі аудит қызметі қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді, қоғам мүшелерінің жалпы жиналышына қоғамның жылдық қаржылық есебі мен бухгалтерлік балансы бойынша қорытынды береді. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы қоғамның ішкі аудит қызметінің қорытындысы болмаған кезде қоғамның жылдық қаржылық есебі мен бухгалтерлік балансын бекітуге құқылы емес.

5. Ішкі аудит қызметінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы қоғам жарғысында белгіленген мерзімге сайлайды. Ішкі аудит қызметінің мүшелері өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

Қоғам мүшелерінің жалпы жиналышының шешімі бойынша ішкі аудит қызметінің кез келген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің қоғам қызметі туралы кез келген ақпаратты алуға құқығы бар.

Ішкі аудит қызметінің мүшелері қоғам басқармасының отырыстарына қатысады.

7. Ішкі аудит қызметі қоғам мүшелерінің жалпы жиналышын:

1) егер атқарушы органның қызметі қоғамның мақсаттарына қол жеткізуіді және міндеттерін орындауды қамтамасыз ете алмаған жағдайда;

2) егер қоғамның атқарушы органы қоғам мүшелері жалпы санының оннан бір бөлігінің жалпы жиналышы шақыру туралы талабын мұндай талап мәлімделген күннен бастап он төрт күн ішінде орындаласа, дербес шақырады.

5-тaraу. ҚОҒАМНЫҢ МҰЛКІ

21-бап. Қоғамның мұлкін қалыптастыру көздері

1. Қоғамның мұлкін қалыптастыру көздері:

1) құрылтайшылардың жарналары;

2) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

3) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

4) ақшалай және өзге де ерікті жарналар;

5) сақтандыру резервтерін және өзге де қаражатты орналастырудан алынған кірістер

;

6) осы Заңда көзделген өзге де қызметтен түскен кірістер.

2. Қоғам меншігіндегі мұлікке билік ету тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналышында белгіленеді.

Ескеरту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

22-бап. Сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері

1. Қоғам мүшелері төлеген сақтандыру сыйлықақыларын қоғам сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемдері түрінде пайда алушыға төлейді.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері мен оларды есептеу тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы бекіткен қоғамның өзара сақтандыру ережелерінде белгіленеді.

3. Егер есептік кезеңнің аяғында қоғамда сақтандыру төлемдері бойынша берешектер, сондай-ақ салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша берешектер болмаса, қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы кезекті сақтандыру сыйлықақыларын азайту немесе оларды төлеуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы бекіткен қоғамның өзара сақтандыру ережелерінде белгіленеді.

23-бап. Қосымша жарналар

1. Қосымша жарналарды есептеу мен енгізу тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы бекіткен қоғамның өзара сақтандыру ережелерінде белгіленуге тиіс.

2. Қоғам мүшелерінің қосымша жарналары сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға ғана жұмсалады.

3. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

24-бап. Қоғамның сақтандыру және өзге де резервтері

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Қоғам өзінің міндettемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін алынған сақтандыру сыйлықақыларынан сақтандыру резервтерін қалыптастырады. Сақтандыру сыйлықақыларының алынған сомасы толық көлемде сақтандыру резервтерін қалыптастыруға жіберілуге тиіс.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, оны есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Егер қоғам жарғысында өзге резервтер құру көзделмеген болса, онда қоғамның инвестициялық кірісі мен өз қаражаты да сақтандыру резервтерін қалыптастыруға жіберіледі.

2. Егер қаржылық жылдың аяғында қоғамда сақтандыру төлемдері бойынша берешектер, сондай-ақ салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша берешектер болмаса, қоғам мүшелерінің жалпы жиналышы сақтандыру резервтерінің бір бөлігін немесе бүкіл сомасын қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілетін қамтамасыз ету үшін қоғамның қоғам жарғысында көзделген өзге де резервтеріне жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Алдағы қаржы жылына

арналған сақтандыру резервтерінің қажетті сомасы міндепті түрде кезекті сақтандыру сыйлықақыларының есебінен қалыптастырылуға тиіс.

3. Сақтандыру резервтерінің қаражаты инвестициялау және (немесе) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

4. Қоғамда оның өзара сақтандыру ережелеріне сәйкес актуарий жүзеге асыратын өз мүшелері алдындағы міндептемелерінің, қоғамның сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру резервтері есептерінің актуарлық бағасы болуға тиіс.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

25-бап. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті